



**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «М.МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ»**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «М.МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСПОРНЫНЫҢ»**

2020–2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

ҚЫЗЫЛОРДА

1. Жоспар паспорты

Жоспардың атауы	Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының» 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары (бұдан әрі – Жоспар)
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 5-қосымша); Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 3-қосымша); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" халыққа жолдауы
Жоспарды әзірлеуге жауапты жұмысы тұлғалар	Тоганова Жаксыгүл Қоханқызы – колледж директоры Куренова Акбибі Усенғазықызы – бас есепші Бахадурова Гүлзира Уәлиханқызы – директордың оқу жөніндегі орынбасары Исаева Гулдана Маралбековна – директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Досмаханова Әлия Амангелдіқызы – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ахметова Сауле Жаханқызы - директордың оқу- әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Аймухамедов Досбол Юсупұлы - директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Шермаханова Роза Жарылкасынқызы – оқу-ақпараттық талдау бөлімінің меңгерушісі

Жоспарды іске асыруға жауапты орындаушылар мен қоса орындаушылар

Педагогикалық ұжым мен колледж қызметкерлері , жұмыс берушілер – әлеуметтік әріптестік субъектілер

Жоспардың мақсаты

Білім алушыларға оқыту мен тәрбиенің жоғары сапасын қамтамасыз етуге қабілетті инновациялық білім беру қызметін белсендендіру

Міндеттері

1.1-Бағдарламалық міндет: Педагог мамандығының қажеттілігін арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту

Колледж педагогтарының кәсіби әлеуеті мен кәсіптік білім беру қызметінің сапасын арттыру

1.2-Бағдарламалық міндет: Білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту

Колледжде білім беру сапасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған бірінғай білім беру ортасын құру және сүйемелдеу

1.3-Бағдарламалық міндет: Балалардың қауіпсіз және қолайлы тыныс-тіршілігі үшін жағдайлар жасау, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға ықпал ету, олардың қауіпсіз және қолайлы тыныс-тіршілігі үшін жағдайлар жасау

1.4-Бағдарламалық міндет: Білім сапасын бағалаудың тиімді біртұтас жүйесін қалыптастыру

Студенттердің білімін бағалау жүйесінің сапасын жақсарту, колледждің кәсіптік білім беру қызметінің жоғары рейтингтік бағасын қамтамасыз ету

1.5-Бағдарламалық міндет: Болашақ экономикасы үшін мамандар даярлау

Кәсіптік диагностика мен бағдарлауды жетілдіру, кәсіби даярлықтың жаңартылған мазмұны арқылы мамандарды даярлау сапасын арттыру

1.6-Бағдарламалық міндет: *Оқушылар орындары мен жатақханалардың тапшылығын қысқарту. Материалдық-техникалық жарақтандыруды және сандық инфрақұрылымды жақсарту.*

Колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен материалдық-техникалық жарақтандыруды және сандық инфрақұрылымды жетілдіру

1.7-Бағдарламалық міндет: *Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігі мен тиімділігін арттыру.*

Колледждің оқу-тәрбие процесін басқарудың, қаржыландырудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, кадрлық әлеуетін дамыту

Қаржыландыру көздері

Мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;
Ақылы білім беру қызметтер көрсетуден түскен кірістер

Кіріспе

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында жасалған және колледж қызметін ағымдық жоспарлауға негіз болып табылады.

Колледждің маңызды бағыттарына білім беру қызметінің сапасын жақсарту, оқыту мен тәрбиелеу интеграциясын қамтамасыз ету, білім беру процесінде субъектіде патриоттық сезімді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті салауатты ортада жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы, әлемдік еңбек нарығында жас ұрпақтан бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жатады.

Колледждің білім, рухани тәрбие беруде инновациялық мүмкіндіктері мол. Стратегиялық даму бағдарламасы «Қазақстан- 2050» Стратегиясы мен ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Жастар саясаты туралы» Заңының, 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, колледж Жарғысы негізінде жасалған және көрсетілген мерзімде колледжді басқару жүйесінде негізге алатын құжат болып табылады.

Миссиясы және ұстанымдары

Миссия: Қазіргі нарық талаптарына жауап беретін кәсіби құзыреттіліктерге ие, ұдайы өсуге, әлеуметтік және кәсіби икемделуге дайын, жоғарыадамгершілік қасиеттерге ие мамандарды даярлау

Ұстанымы: М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі - өзекті білім беру жүйесі, ашық ақпараттық ортасы мен заманауи инфрақұрылымы бар, жеке тұлғаны даярлау мен тәрбиелеу саалсында инновациялық білім беру қызметін көрсететін бәсекеге қабілетті оқу орны.

Тарихи анықтама

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі (бұдан әрі — колледж) тарихы Қызылорда облысының тарихымен, оның мәдениетімен, білімімен тығыз байланысты.

Колледж 1932 жылы Қызылорда аудандық атқару комитетінің 11.02.1932 ж. №33 шешімімен Қызылорда педагогикалық техникумы ретінде ашылған. Колледж атауында бірқатар өзгерістер болды.

1935 -1936 жылы Қызылорда педагогикалық техникумы Қызылорда педагогикалық училищесі болып аталды.

1937 жылдары – Қысқа мерзімді факультативтік курстарда бастауыш мектеп және жетіжылдық мектептерге әдебиет, физика – математика, тарих, география пәндерінен мұғалімдер даярланды.

1948-1949 жылы – 10 қазақ, 4 орыс класында бастауыш сынып мұғалімдері даярланды.

1952 жылы – Алматы қазақ қыздар педагогикалық училищесі мен Қызылорда педагогикалық училищесі біріктіріліп, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесі құрылды. (Қазақ ССР Ағарту министрлігінің 01.10.1952 ж. бұйрығы)

1986 жылы - М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесі Қызылорда педагогикалық училищесі болып қайта құрылды. (Қазақ ССР Ағарту министрлігінің 03.10.1985 ж. №808 бұйрығы)

1996 жылы – Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университет колледжі (ҚР Үкіметінің 07.05.1996 ж №573 қаулысы, ҚР БҒМ 15.01.1997 ж. №14 бұйрығы).

1997 жылы – Қызылорда музыкалық колледжімен біріктіріліп, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі аталды. (ҚР Үкіметінің 08.05.1997 ж №814 қаулысы).

1999 жылы - М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі - мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (Қызылорда облысы әкімінің 14.01.1999 ж №872 шешімі, Қызылорда облысы әкімдігінің 29.09.2001 ж №71 қаулысы).

2014 жылы – Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (Қызылорда облысы әкімдігінің 27.05.2014 ж №599 қаулысы).

2017 жылы – Қызылорда облысының әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №995 қаулысымен колледж Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» статусын алды.

Ағымдағы жағдайды талдау және дамыту мәселелері

Колледж мемлекеттік тіркеуден өтуінен бастап заңды тұлға болып табылады, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құқында мүлкі, жеке балансы, банкідегі есеп және басқа счеттары, мөрі, фирмалық бланкісі бар. Меншік формасы – мемлекеттік. Оқу ұйымының жобалық қуаты/оқушы орны -1270. Орналасқан жері: 1200014, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, №9.

Өз қызмет әрекетінде колледж Қазақстан Республикасының Ата Заңын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, колледж Жарғысын және басқа да мөлшерлік-құқықтық актілерді басшылыққа алады. Оқу орнын басқарудың құрылымы, әдістері мен формалары колледж Жарғысына сәйкес (№100 29.01.2018ж.) белгіленген.

Колледжде техникалық және кәсіптік білімнің мамандарын даярлау 13 мамандық, 22 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Биылғы 2019-2020 оқу жылындағы колледж студенттерінің жалпы контингенті – 1851, оның ішінде күндізгі оқу нысаны бойынша – 1605, оның мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатыны – 1060, «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасымен -180, ақылы негізде оқитыны – 365, сырттай оқу нысаны бойынша білім алушы (ақылы негізде) саны – 246. Қызметкерлер саны: 294 штаттық бірлік; оның ішінде педагогтар үлесі -208 (жоғары категория -78, I категория – 50, II категория -35), техникалық құрам – 86. Инфраструктура: оқу корпусы – 3, 268 орындық жатақхана, кабинеттер – 68, 50 орындық буфет, спортзал – 1, мәжіліс залы -1, оқу зертханалары- 16, оқу шеберханалары– 6.

Колледждің оқытушы құрамы:

- ✓ Ғылым докторы, профессор-1
- ✓ Ғылым кандидаты – 2
- ✓ Ғылым магистрі - 58

- ✓ «Ы.Алтынсарин» төс белгісі иегерлері - 17
- ✓ «ҚР білім берудің құрметті қызметкері»- 17
- ✓ ҚР Суретшілер одағының мүшесі - 1
- ✓ «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпаздары-грант иегерлері -2
- ✓ «Үздік ғылыми жоба» республикалық байқауының 1-орын иегері -1

Педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітілген «Колледждің 2016-2019 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында» (31.08.2016ж.) анықталған негізгі жұмыс бағыттары:

- Кәсіби маман дайындау жүйесін жетілдіру;
- Педагогтар мен студенттердің кәсіби біліктілігін жетілдіру;
- Колледж дамуының қаржы-экономикалық тетіктерін жетілдіру;
- Колледждің тәрбие жүйесін жетілдіру;
- Колледждің ақпараттық-білім беру ортасын жетілдіру және дамыту;
- Колледжді басқару жүйесін жетілдіру.

Аталған жұмыс бағыттары бойынша дамудың негізгі мақсатты индикаторлары мен іске асыру механизмдері, күтілетін нәтижелері анықталды.

«Кәсіби маман дайындау жүйесін жетілдіру» бағыты бойынша анықталған мақсатты индикаторларға сай төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Колледжде даярланатын мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға қабылданған студенттер саны 2016-2017 оқу жылында жоспарланған 300-дің орнына 298, 2017-2018 оқу жылында 300-дің орнына 299, 2018-2019 оқу жылында 325 орнына 324, 2019-2020 оқу жылында 330 қабылданды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдау жоспары 2016-2017 оқу жылында 0409000 – «Актер өнері» мамандығының 0409043 – «Сөйлеу жанрының әртісі» біліктілігі бойынша 1 бірлікке кем орындалды. 2017-2018 оқу жылында 0111000 – «Негізгі орта білім беру» мамандығының 0111123 – «Ағылшынша білімі бар физика мұғалімі» (11-сынып негізінде) біліктілігі бойынша 1 бірлікке, 0403000 – «Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркемдік шығармашылық» мамандығы 0403013 – «Педагог-мәдени демалысты ұйымдастырушы, би ұжымының жетекшісі» біліктілігі бойынша 1 бірлікке кем орындалды. Себебі – аталған мамандықтар бойынша құжат тапсырған талапкерлердің аз болуы.

Осы индикатор бойынша жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында жоспарлы және жүйелі түрде Кәсіби бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылды. 2016-2017 оқу жылында Кәсіби бағдар беру жұмыстары қала мектептерін толық қамтыса, 2017-2018 оқу жылында арнайы топ жасақталып, қала мектептерімен қатар, аудан орталықтарындағы және аудан орталықтарына жақын орналасқан елді мекендердегі мектептерге барып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Колледжде **Кәсіби бағдар беру кабинеті** жабдықталып, әр аптаның жұма күні **Кәсіби бағдар беру күні** болып белгіленді. 2018-2019 оқу жылы үшін қабылданатын мамандықтардың тізбесі, колледждің материалдық-техникалық базасы туралы жалпы ақпарат, видеоролик колледж сайты мен Фейсбук парақшасына орналастырылды.

Колледждің келісімшартқа отырған әлеуметтік әріптестерінің саны 2016-2017 оқу жылында 80, 2017-2018 оқу жылында 102 болды. Яғни, 2017-2018 оқу

жылында жасалған келісімшарттардың саны бағдарлама бойынша жоспарланған мөлшерден 12-ге артты.

Жасалған келісімшарттар негізінде студенттер жұмыс берушілердің базасында кәсіптік тәжірибе жинақтаудан 100% өтті.

Қоғам дамуының экономикалық-инновациялық сұраныстарына қарай **білім алушыларға қосымша білім беру қызметін көрсету мақсатында** 2017-2018 оқу жылында күндізгі бөлімнің мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушыларына факультатив есебінен **«Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері» курсы** ұйымдастырылып, **178 студент** қамтылды, бұл студенттер контингентінің 14,2 %-ын құрады.

Студенттерді қоғамдық-пайдалы қызметке тарту (волонтерлік, жастар ісі жөніндегі комитеттер қызметіне қатысу, т.б.) бойынша 2016-2017 оқу жылында **«Мен патриотпын»** бағыты бойынша колледж белсенділерінен құралған волонтерлар тобының күшімен **«Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою – міндет!»** тақырыбында патриоттық акция, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған **«Бір Отан, бір халық, бір Елбасы»** тақырыбындағы жастар флэш-мобы ұйымдастырылды.

«Мен, мені қоршаған орта» бағыты бойынша Жастар денсаулық орталығымен бірлесе отырып, **«7 қайырымды іс»** жобасы аясында колледж студенттері карттар үйінде түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырды. **«Шын жүректен»** жобасы аясында колледждің ардагер ұстазы Аягөз Асқарқызына жоғары көңіл-күй сыйлау мақсатында фотоальбом әзірленді. Наурыз айында колледж еріктілері **«Бәріміз біргеміз, ажырамас іргеміз»** тақырыбында балалар үйінде мерекелік концерт ұйымдастырды.

«Мен және мәдениет» бағыты бойынша 17-қараша Халықаралық студенттер күніне орай **«Stud Party»** мерекелік кеші ұйымдастырылып, **«Кел, студент, бізге қосыл!»** форматындағы қойылымдар, бейнероликтер, слайд-шоулар көрсетілді. 22.12.2016ж. **«Жаңа жылым, жаңа бақыт, жаңа нұр!»** жаңа жылдық мерекелік кеште студенттерге жаңа жылдық тосын сый жасалып, көшбасшы студенттер марапатталды. 20.03.2017ж. **«КЕЛ НАУРЫЗ, ЕЛІМЕ – БЕРЕКЕЛІ ЖЕРІМЕ!»** атты ұлттық нақыштағы бұйымдар арқылы қазақша салт-дәстүрлерді жаңғырту, насихаттау мақсатында студенттер арасында көрме, жәрмеңке өткізілді.

2017-2018 оқу жылында Желтоқсан айында **«Мен, мені қоршаған орта»** бағыты бойынша **«Жүрекке жылулық сыйла»** атты аналар үйінде өткізілген қайырымдылық акциясы аясында колледждің белсенді мүшелері аналар үйіне қажетті құрал-жабдықтармен, балаларға арналған киім, ойыншықтармен қамтамасыз етті.

«Мен зияткермін» бағыты бойынша Қараша – желтоқсан айларында **«Happy English – счастливый английский»** атты **«Шетел тілі»** бөлімінің ерікті студенттерінің күшімен шағын оқу орталығы ашылып, **«Шетел тілі»** бөлімінің жоғары курс студенттерінен құрылған ерікті топ басқа мамандықта оқитын студенттерге ағылшынша үйренуге көмек көрсетілді.

Колледждің жағымды мәртебесін қалыптастыру, жарнамалық саясатты іске асыру мақсатында түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында, колледж сайтында, Фейсбук парақшасында мерзімді түрде колледж тыныс-тіршілігі туралы ақпараттар жарияланып отырады. Сондай-ақ, колледж жыл сайын тәуелсіз бағалау конкурстарына қатысып, өзінің кәсіби деңгейін үнемі саралап отыруды дәстүрге айналдырған. Мысалы, 2016 жылы Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстан агенттігі жүргізген сараптама бойынша, Қазақстанның үздік колледждері рейтингісінде, «Қазақстанның үздік гуманитарлық-экономикалық колледждер рейтингісі – 2016» 100 балмен 1-орынды иеленді.

Қазақстанның Ұлттық бизнес-рейтинг Одағының сараптау қорытындысы бойынша ҚР кәсіпорындар арасында «Даму динамикасы» номинациясы бойынша алтын рейтингке, «Темп роста» номинациясы бойынша күміс рейтингке ие болды. 2017 жылы «Кәсіпқор Холдингі» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамы ұйымдастырып, өткізген Қазақстан Республикасы колледждерінің рейтингісінде «Қалада орналасқан гуманитарлық-экономикалық колледждер рейтингісі» бойынша қатысқан 27 колледждің ішінен 7-орынға ие болды.

Колледжде даярланатын мамандықтардың кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, өндіріс талаптарына сәйкестендіріліп, жаңартылды. Педагогикалық мамандықтар бойынша әдістеме пәндері мен кәсіптік тәжірибе жинақтау бағдарламаларына мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім беру мазмұны негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- автоматты өрт-дабыл қондырғылары, терроризмге қарсы дабыл қондырғылары орнатылып, шатыр ағаштары өртке қарсы сұйықтықпен өңделді;
- 0402000 – «Дизайн» мамандығы 0402013 – «Дизайнер» біліктілігі білім алушыларының кәсіби даярлығына арналған «Арнай технология» зертханасы жабдықталып, қажетті құрылғылармен жабдықталды;
- Жастардың қоғамдық бірлестігі кабинеті жасақталып, жабдықталды;
- Арнайы пәндер бойынша оқу кабинеттері жабдықталды;
- «Дене тәрбиесі және спорт», «Туризм» мамандықтары білім алушыларының кәсіби даярлығын жүзеге асыруға қажетті құрал-жабдықтар алынды;
- Қажетті оқу әдебиеттері мен оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар алынды;
- Электронды оқу залы «Кабис» лицензиялық бағдарламасымен және есеп-қисап бөлімі 1С 8.2 версиясымен қамтамасыз етілді;
- Энергоаудит жұмыстары жүргізілді;
- Колледждің сыртқы фасады жөндеуден өткізіліп, жаңартылды.

Ішкі және ведомствоаралық әрекеттестік арқылы колледждің білім беру кеңістігін кеңейту, бітірушілердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында **әлеуметтік әріптестермен бірлескен жұмыстар** жүргізілді:

- колледж бітіруші түлектердің ары қарай жұмыспен қамтылуын шешу мақсатында жұмыс берушілермен мақсатты жұмыстар жүргізілді. Аудандық білім бөлімдері басшыларына қызметтік хат жіберіліп, колледж бітіруші түлектер жайлы толық ақпараттар берілді;

- Ағылшын тілін тереңдетіп оқыту арқылы «ағылшынша білімі бар педагог маман» ретінде даярланған 0111063 – «Математика мұғалімі», 0111073 – «Физика мұғалімі» біліктіліктері бойынша бітірушілер туралы толық ақпарат қалалық және аудандық білім бөлімдеріне жолданып, колледж сайтына орналастырылды;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дуалдық оқытудың республикалық жол картасы» бойынша даярланған 0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша даярланып, бітіруші МДБ-Т-14 тобының 25 студентін жұмысқа орналастыру мәселесі алдын-ала 100%-ға шешіліп тұр.

Колледжде даярланатын мамандықтардың білім беру бағдарламаларын **институционалды және мамандандырылған аккредиттеуден өткізу бойынша** жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде колледж 2017 жылдың сәуір айында институционалды аккредиттеуден және 0105000 – «Бастауыш білім беру» мамандығы 0105013 – «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі, 0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі, 0111000 – «Негізгі орта білім беру» мамандығы 0111013 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалім» біліктілігі, 0106000 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы 0106013 – «Бейнелеу өнері және сызу пәнінен негізгі орта білім беру мұғалімі» біліктілігі, 0108000 – «Музыкалық білім беру» мамандығы 0108013 – «Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі» біліктіліктері бойынша **мамандандырылған аккредиттеуден** өтті. 2019 жылдың мамыр айында 4 мамандық 9 біліктілік бойынша -0103000 –«Дене тәрбиесі және спорт», 0111000-«Негізгі орта білім беру» мамандығының 0111113-«Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі», 0111123-«Ағылшынша білімі бар физика пәні мұғалімі», 0111083-«Шетел тілі мұғалімі», 0111093- «Информатика мұғалімі» біліктіліктерімен, 403000-«Әлеуметтік -мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы», 1304000-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы 1304063-«Компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсететін техник», 1304053-«Ақпаратты қорғау технигі» біліктіліктерімен **мамандандырылған аккредиттеуден** өтті.

Кәсіби даярлық процесіне **дуалдық оқыту элементтерін енгізу** бойынша жұмыстар жүргізіліп, 2016-2017 оқу жылында 0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі, 2017-2018 оқу жылында 0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігімен қатар 0103000 – «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы 0103033 – «Спорт жаттықтырушы-оқытушы» біліктілігі, 0409000 – «Актер өнері» мамандығы 0409043 – «Сөйлеу жанрының әртісі» біліктілігі бойынша кәсіби даярлық бағдарламасына дуалдық оқыту элементтері енгізілді.

«Педагог кадрлар мен студенттердің кәсіби біліктілігін жетілдіру» бағыты бойынша мемлекеттік жалпы міндетті білім стандартына, кәсіптік білім беру деңгейлері бойынша сапа стандарттарына сәйкес білім беру мазмұны мен технологияларын жетілдірудің негізінде колледждің бірыңғай білім беру кеңістігі жағдайында педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және кәсіптік біліктерін қалыптастыру мақсаты көзделген.

Негізгі міндеттері:

- педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру;
- білім ұйымының кадрлық саясаты және студенттердің негізгі және кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру;
- кәсіптік білім беру сапасын бағалау жүйесі тиімділігін арттыру;
- пәннің мазмұны мен оқытылуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Маман дайындау сапасын жетілдіру бойынша **бірінші мақсатты индикатор:** студенттердің білім сапасын қорытынды мемлекеттік аттестаттау 2016-2017 оқу жылы жылында межелеген жоспардан 0,1%-ға, студенттердің іс-тәжірибелік білім сапасы 4%-ға, артты. Деңгейлік модуль бойынша «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ, КАТЕУ халықаралық қоғамдық қоры, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы, Назарбаев зияткерлік мектептеріне қарасты Педагогикалық шеберлік орталықтары арқылы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарынан колледж оқытушылары жүйелі түрде дәріс алып, оқу-тәрбие процесінде қолдануда. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқыту процесіне модульдік-құзыреттілік жүйені ендіру 2016-2017 оқу жылында 30%деп жоспарланған, алайда бұл оқу жылында «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ даярлаған жаңартылған мазмұн бойынша бағдарламалары негізінде мамандықтарға қабылдау жүргізілген жоқ. Ал 2017-2018 оқу жылында «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ даярлаған жаңартылған мазмұн бағдарламалары негізінде 0105000 – «Бастауыш білім беру» мамандығы, 010083 – «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алушылар қабылданып, 7,6%-ды қамтып отыр.

Екінші мақсатты индикатор «Студенттердің білім беру және тұлғалық нәтижелерге жетуіне жағдай жасау: жағымды психологиялық орта қалыптастыру» бойынша шаралар үздіксіз жүргізілді. Мамандықтар ерекшеліктеріне сәйкес білім алушылар пәндік олимпиадаларға: Қазақ тілі, Математика, Информатика, Педагогика, Психология, т.б пәндер бойынша қатысып, жүлделі орындар иеленді. «Тіл – Мәңгілік Елдің рухани қазынасы» тақырыбында жыр мүшайрасы, «Мен – қазақстандықпын» облыстық шығармалар байқауы, қалалық жас ақындар мүшайрасы, «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы қоғамдық қоры, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, Республикалық Ұлттық Worldskills Kazakhstan чемпионатына қатысып, жоғары нәтижеге жетті. Колледжде жұмыс жасайтын 20 үйірмеге 532 студент қамтылды. «Шетел тілі» бөлімі бойынша «Developing pupils speaking and listening skills» фонетикалық курсы, «Занимательная грамматика» үйірмесі және «ENJOY ENGLISH» үйірмелеріне қатысушы студенттер саны – 75. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімі бойынша «Ғажайып қуыршақтар» үйірмесіне қамтылған студенттер саны – 30. «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімі бойынша «Жас толқын», «Лингвист» үйірмелеріне қатысушы студенттер саны – 102. «Бастауыш педагогикасы» бөлімі бойынша «Ғылыми ізденіс» ғылыми-шығармашылық үйірмесі, «Бақытты балалық шақ» шағын театры және «Инабат» қыздар клубына қатысушы студенттер саны – 75. «Өнер» бөлімі бойынша «Мүсін», «Буырқанған бояулар», «Вокалды-эстрадалық ән салу», «Дизайн», «Қызықты сызу» және «Өрлеу» домбырашылар үйірмелеріне қамтылған студенттер саны – 154. «Физика-

математика және ақпараттық жүйе» бөлімі бойынша «Робототехника», «Интеграл» және «Жас техниктер» үйірмелеріне қамтылған студенттер саны – 96.

Үшінші мақсатты индикатор «Білім сапасын арттыру» мәселесіне қатысты колледж бен мүдделі тараптардың (ата-аналардың, жұмыс берушілердің, қоғамның, мемлекеттің) өзара әрекеттестігін дамыту мақсатында «Ақпараттық коммуникативтік құзіреттіліктерді қалыптастыру, жас оқытушылар мектебі – сабақ беру әдістемесін жетілдіру» тақырыбында облыстық семинар, «Шығармашылықпен шыңдаламын» тақырыбында оқытушы мен студенттің бірлескен байқауы, «Үздік видеосабақ» байқауы, «Білім беру процесі субъектілерін дамытудың шарты ретінде инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру» тақырыбында студенттердің халықаралық ғылыми-зерттеушілік конференциясы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты мамандарымен бірлескен «Ғылыми таным» атты семинар-кеңес, аталған институт тренер-оқытушыларының күшімен бітіруші курс студенттеріне «Жаңартылған білім беру аясында оқу мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың инновациялық амалдары» тақырыбы бойынша 36 сағаттық оқу курсы, білім сапасын арттыруға бағытталған мастер-кластар, тренингтер жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Бағалау технологиясына байланысты серіктес білім мекемелерімен педконсилиумдар ұйымдастырылып, кәсіптік білім беру сапасын бағалау жүйесі мәселесі бойынша әдістемелік құралдар, тест жинақтары дайындалып шығарылды.

Төртінші мақсатты индикатор «Білім беру үдерісінің зерттеушілік құрамдасын дамыту» бойынша оқытушылар мен студенттердің халықаралық, аймақтық сайыстар мен конкурстарға, ғылыми жобалар қорғау конкурстарына, кәсіби білім турнирлеріне қатысу шаралары жүргізілді. Атап айтсақ, жаңартылған бағдарлама бойынша «Бастауыш және мектепке дейінгі сыныптарда ағылшы тілін меңгерудің тиімді жолдары», «Effective ways of teaching English to primary and pre-school students by new programed of teaching English language» қалалық семинар тренингі, «Жаңартылған білім мазмұны бойынша балалардың функционалдық құзыреттіліктерін қалыптастыруда драма оқу қызметінің ролі» тақырыбында қалалық мастер-класс, «ЭКСПО-2017 – болашақ энергиясы» тақырыбында колледжішілік эсселер байқауы, «Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» қалалық студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы, «Жаңа формациядағы педагог» бөлімішілік интеллектуалды сайыс, «Билингвалды оқыту: ағылшын тілі – тұлғаның интеллектуалды дамуының заманауи ресурсы» облыстық конференция, М.Мәметованың жұлдесіне арналған техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттері арасында қазақ күресінен республикалық турнир, республикалық «Сыр қойнауы» өлкетанушылар мен тұлғатанушылар клубының «Менің сүйікті кейіпкерім» жоба сайыстарына қатысты.

Бесінші мақсатты индикатор «Колледждің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін білім беру кеңістігін кеңейту» мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру

бағдарламасы» бойынша тренерлерді оқыту курсы, «Бастауыш білім беру» мамандығының профессорлық-оқытушылық құрамынан, ҚР орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы аясында бастауыш мектептердің педагог кадрлардың біліктілігін арттыру» курсы, «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогы», «КӘСПҚОР» ХОЛДИНГІ» КЕАҚ ұйымдастырған «CLIL әдістемесі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту» тақырыбында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты базасында курстардан өтті.

Алтыншы мақсатты индикатор «Кадрлық құрамды оңтайландыру және тұрақтандыру» мақсатында колледж оқытушыларының еңбекақы мөлшерінің аймақ экономикасындағы белгіленген орташа көрсеткіштен төмен болмауы олардың жүктеме көлемін ұлғайту, сыйақылар тағайындау арқылы назарға алынған.

Жетінші мақсатты индикатор «Педагогикалық қызметті қолдауға» бағытталған іс-шаралар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау және педагогтар мен оқушылар, сонымен қатар оқушылар арасында шиеленіс жағдайды болдырмау үшін білім беру ұйымдары басшылары мен педагог қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру туралы» 2014 жылғы 28 маусымдағы №247 бұйрығына (2014.24.10ж. берілген өзгерістерімен) сәйкес білім беру ұйымдарының педагогтар мен балалар ұжымдарында жанжалдарға жол бермеуге, ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жағымды психологиялық ахуал және жайлы психоэмоционалдық орта орнату жұмыстары жүргізілді.

